

**2016-2020 жылдарға арналған «Қ.И.Сәтбаев атындағы
Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университетінің»
Даму бағдарламасы**

1. Бағдарлама паспорты

Бағдарлама атауы	2016-2020 жылдарға арналған «Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының даму бағдарламасы
Дайындау үшін негіздеме	<ol style="list-style-type: none">1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 19 желтоқсандағы №1330 «Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамын құру мәселелері туралы» қаулысы.2. 5 президенттік реформаны іске асыруға арналған Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың жүз нақты қадамы;3. Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 1 наурыздағы № 205 «Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы» Жарлығы.4. Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 9 ақпандағы «Қазақстан Республикасындағы Мемлекеттік жастар саясаты туралы» Заңы.5. Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» Заңы.6. Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 18 ақпандағы №407-IV «Ғылым туралы» Заңы.7. Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 31 қазандағы «Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметінің нәтижелерін коммерцияландыру туралы» Заңы.
Әзірлеуші Мақсаты	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ел экономикасының жүйе түзу салаларын жоғары білікті кәсіптік-техникалық және ғылыми кадрлармен қамтамасыз ету, Қазақстан Республикасын технологиялық дамытуға және бәсекелестік басымдықтарды күшейту үшін «Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті» ұлттық ғылыми-зерттеу білім беру орталығын құру.
Міндеттері	<ol style="list-style-type: none">1. Озық білім беру бағдарламалары мен технологияларын дамыту.2. «Ұлттық техникалық зерттеу университеті» моделін құру.3. Ғылым мен инновацияларды дамыту.4. Заманауи инфрақұрылымды дамыту.5. Корпоративтік басқаруды дамыту және ынтымақтастық пен әріптестік жүйелерін жетілдіру.
Орындау мерзімі	2016-2020 жылдар.

**Қаржыландыру
көздері**

1. Қазақстан Республикасының бюджеттік қаражаты.
2. Бюджеттен тыс қаржыландыру.

2. Кіріспе

«Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Даму бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 19 желтоқсандағы «Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті» (бұдан әрі – ҚазҰТЗУ) коммерциялық емес акционерлік қоғамын құру мәселелері туралы» қаулысына сәйкес әзірленді.

Бағдарлама 2015-2019 жылдарға арналған Қазақстан Республикасын Үдемелі индустриялы-инновациялық дамытудың мемлекеттік бағдарламасын бірінші кезекте, инженерлік-техникалық бейін және инновациялық технологиялармен бәсекеге қабілетті мамандармен, тиісті кадрлық және ғылыми-технологиялық қамтамасыз ету тиімділігін арттыруға, әлемдік деңгейдегі білім және ғылыми зерттеулер базасын көбейтуге бағытталды.

Бағдарламаны қолданысқа енгізгеннен кейін ҚазҰТЗУ-дың ерекше белгілері – «зерттеу және инновациялық өндіріс арқылы оқыту» принципін іске асыру; көп функциялық (оқыту, зерттеу, инновациялық өндіріс); магистрлер мен PhD докторларын даярлау басымдықтары; Қазақстан мен басқа елдер экономикасында ғылым мен индустрияны дамытудың ұлттық және әлемдік басымдықтарын дамытуға бағыттау; кешендік қаржыландыру; технопарктерде, старт-ап компанияларда, конструкторлық бюрода, инновациялық кәсіпорындарда ғылыми әзірлемелерді коммерцияландырудың бөлінген механизмдері негізінде Шағын және орта бизнес (ШЖОБ) құру; дамыған ғылыми-білім беру инфрақұрылымы, әкімшілік-басқару кадрларының біліктілігін арттыру және қайта даярлау, адам ресурстарын басқарудың заманауи жүйесін, жаңа тиімді ұйымдық құрылымды қалыптастыру; «Alumni» түлектер ассоциациясының, «Политех» эндаумент қорының, Қамқоршылық кеңестің жұмыс істеуі; жоғары оқу орнының инвестициялық дамуы (фандрайзинг, демеушілік, гранттар, жебеушілік және т.б.) болады.

Ғылыми сыйымды технологиялардың даму деңгейі еліміздің экономикалық даму сипаттамасы және ғылыми-өндірістік әлеуеті болып табылады. Алдыңғы қатарлы әлемдік тәжірибе – біріккен ғылыми-білім беру құрылымы еңбек нарығына қажетті сапалы жаңа мамандар даярлауды қамтамасыз етеді, ал жаңа білімді пайдалануға негізделген өндірістегі технологиялық өзгерістер еліміздің экономикалық өсуіне себепші болатындығы туралы куәландырады.

Зерттеу университеттері әлемдік тәжірибеде ерекше орын алады, бұнда дәстүрлі ғылыми-білім беру қызметінің өнеркәсіппен тығыз байланысы болады. Университеттік идеяларды дамытудың ерекше мүддесі – Америка құрама штатының Техас университеттері мен Стендфорд университеттерінің тәжірибесін және бұдан әрі. көптеген қаржыландыру көздері сипатымен таныстырады: федералдық және жергілікті бюджеттер, гранттар, қайырымдылық және қамқоршылық қорлары, бизнес, оқу, зерттеу, өндірістік және кеңес беру қызметтерінен түсетін кірістер.

Зерттеу университетіндегі зерттеу, білім беру және инновациялық қызметтің жоғары дәрежеде біріктірілуімен сипатталады: оқытушылардың білім беру және зерттеу қызметін қоса атқаруы; студенттерді, магистранттар мен докторанттарды зерттеуге тарту; оқуға зерттеу нәтижелері мен әзірлемелердің кіргізілуі; нақты өндіріспен білім беру бағдарламаларының біріктірілуі, өндірістен мамандарды сабақ беруге тарту; ғылыми орталықтар, зертханалар сияқты, институттар, факультеттер мен кафедралар жанындағы арнайы зерттеу бөлімшелерін құру, зерттеу консорциумдарын, ғылыми-технологиялық кластерлер және тағы басқаларды құру.

Бұл принциптердің негізі Бағдарламада қаланып, өзін жоо-дағы білім беру, ғылыми-зерттеу және инновациялық процестер құрылымында, мазмұны мен технологияларында, басқару жүйесі мен қаржы-экономикалық тетіктеріндегі өзгерістерді

камтитын ресурстар мен шаралардың мерзімдері бойынша өзара байланысты кешен етіп көрсетеді.

2015 жылдың желтоқсанында Қазақстан Республикасының Президенті-Ұлт көшбасшысы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев «Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы мен «Қазақстан-Британ техникалық университеті» акционерлік қоғамын біріктіру және біріктірілген жоғары оқу орны базасында ірі ғылыми-техникалық туралы міндет қойды.

Сондықтан да, жаңа ҚазҰТЗУ ұжымына Елбасының тапсырмасын іске асыру бойынша алда үлкен ұйымдастыру және бәсекеге қабілетті университет тұжырымдамасын, ең жақсы зерттеу университеттерінің құрылымына негізделген, оның жаңа моделін әзірлеу, инженерлік-техникалық бейін ерекшеліктерімен жоғары білікті кадрлар даярлау үшін ірі ғылыми-зерттеу және білім беру орталығын ҚазҰТЗУ базасында құру жұмысы тұр.

3. Университеттің ағымдағы жай-күйіне талдау жасау

Жоғары оқу орны жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің (бакалавриат – магистратура – PhD докторантурасы) көп деңгейлі жүйесіне өтуді іске асырды, сонымен қатар университетте 129 мамандық бойынша лицензия бар, оның ішінде: бакалавриат мамандығының – 49; магистратураның – 51; PhD докторантурасының – 29.

ҚазҰТЗУ «Қазақстан Республикасында инженерлік білімді дамытудың тұжырымдамасын» әзірлеу және «Жоғары оқу орны жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің біріктірілген классификаторын» жасау бойынша Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің үйлестірушісі болып табылады.

2015-2016 оқу жылындағы жалпы білім алушылар саны 12075 адам болды, соның ішінде: бакалавриатта – 10451 адам, магистратурада – 1384; PhD докторантурада – 240 адам.

Соңғы үш жыл ішінде мемлекеттік грант бойынша және ақылы негізде (сырттай оқу есебінен) келісім-шарт бойынша білім алушылар арақатынасы тұрақты болып қалады, сондай-ақ 79 % және 21 %-ға сәйкес.

ҚазҰТЗУ-да оқу мемлекеттік және орыс тілдерінде жүргізіледі. Соңғы үш жыл ішінде мемлекеттік және орыс тілдеріндегі білім алушылардың арақатынасы: қазақ тілінде – 75 %, орыс тілінде – 25 %.

Қазіргі уақытта ҚазҰТЗУ-да әлемнің 14 елінен 259 студент білім алады. Жеке елдер статистикасы бойынша келесідей үлгіде көрінеді: Ауғанстан – 15, Түркменстан – 4, Тәжікстан – 3, Ресей – 10, Беларусь – 1, Қытай – 75, Украина – 1, Молдавия – 1, Монғолия – 16, Вьетнам – 4, Өзбекстан – 123, Қырғызстан – 4, Иран – 1, Грузия – 1. Оның ішінде: 202 бакалавриат студенті, 23 магистрант және қашықтан оқыту түрі бойынша 34 студент. Оның ішінде: 30 шетелдік студент үкіметаралық келісімдер шеңберінде, 161 – мемлекеттік грант бойынша, 68 – келісім-шарт негізінде білім алады.

2014-2015 оқу жылында 16 білім алушы Еуро Одақ пен Америка Құрама Штаты елдерінде семестрлік оқудан өтті. 2015-2016 оқу жылында 27 студент шетелдерде күзгі семестрден өтті. Оның ішінде: 2 студент меншікті қаражат есебінен оқиды.

2015 жылы жұмысқа орналастырылған түлектер саны – 1945 адам болды (түлектердің жалпы санынан – 66,8 %, 2912 адам). ҚазҰТЗУ халықаралық үлгідегі сертификаттарды берумен, техникалық мамандықтар бойынша білім беру бағдарламаларын әзірлеу және іске асыру бойынша 9 шетелдік серіктес жоғары оқу орындарымен және 15 шетелдік кәсіпорындармен тығыз ынтымақтастықта.

2012–2015 жылдар аралығындағы негізгі нәтижелер:

1) Университет бірінші рет Қазақстанда Халықаралық бағалау бағдарламасы бойынша (IEP, International Evaluation Program, 2011, 2014 жылдары) Еуропалық

университеттер ассоциациясында халықаралық институционалдық бағалаудан өтті және қайтадан дәлелдеді.

2) Білім сапасын қамтамасыз ету бойынша тәуелсіз қазақстандық агенттікте (БСКЕТҚА-IQAA) институционалдық аккредиттеу туралы сертификат алынды.

3) Мамандандырылған аккредиттеу шеңберінде 87 білім беру бағдарламасы аккредиттелді, соның ішінде:

БСКЕТҚА-IQAA ұлттық агенттіктерінде және тәуелсіз аккредиттеу және рейтинг агенттігінде (ТАЖРА) – 81 білім беру бағдарламасы;

ASIIN (Германия) бакалавриаттың – 5 білім беру бағдарламасы;

АВЕТ (Америка Құрама Штаты) – 1 білім беру бағдарламасы.

«Темпус», «Эрасмус Мундус» Еуропалық комиссиясының бағдарламасы; Америка Құрама Штаты, Франция, Германия және Италия университеттерімен бірлескен халықаралық магистрлік және докторлық бағдарламалар іске асырылады.

4) ҚазҰТЗУ – Еврорейтинг-2013-те Қазақстан жоғары оқу орындары арасында (Academic ranking of world universities-European standard, ARES), сондай-ақ Webometrics Ranking of World Universities халықаралық рейтингтік агенттігінің бағалауы бойынша көшбасшы.

5) 2012–2014 жылдар ішінде Қазақстан жоғары оқу орындары арасында жалғыз ғана болып, ҚазҰТЗУ әлемнің жоғары оқу орындары арасында The Thomson Reuters каталогына енгізілді.

6) 2015 жылы ҚазҰТЗУ «QS» халықаралық рейтингтік агенттігінің (Ұлыбритания) нұсқасы бойынша 551–600 (Топ 800) орын алды, сөйтіп, Қазақстанның жоғары оқу орындары арасында 3-орынды жеңіп алады.

7) ҚазҰТЗУ Шанхай ынтымақтастық ұйымының желілік университетіне келесі бағыттар бойынша кіреді: «Нанотехнологиялар», «ШЕ-технологиялар», «Экология», «Энергетика».

8) 2015-2016 оқу жылында 6M071200 – «Машинажасау», 6M072100 – «Органикалық заттардың химиялық технологиялары» және 6M070200 – «Автоматтандыру және басқару» мамандықтары шеңберінде «Машинажасаудағы инновациялық технологиялар және жабдықтар», «Мұнай химиясы және мұнайды қайта өңдеу» және «Өндірістік процестерді автоматтандыру» білім беру бағдарламалары бойынша бейіндік магистранттар даярлау бойынша, 2016-2019 жылдарға арналған Қазақстан Республикасын үдемелі индустриялы-инновациялық дамытудың мемлекеттік бағдарламасын қолдау бойынша университет бағдарламасын іске асыруды бастады.

9) Франция Жоғары білім және ғылым министрлігінің, Франция Шетел және Еуропалық істер министрлігінің, Франция Сенаты, Қазақстандағы Франция елшілігінің, және жеке екі ел президенттері Н.Назарбаев пен Н.Саркозиге ресми қолдауды ұйымдастыратын Гео-Энергетика орталығы құрылды. ҚазҰТЗУ мен Нанси-Университеті (Франция) арасындағы Ынтымақтастық туралы келісімге сәйкес «Екі дипломдық білім» халықаралық білім беру бағдарламасы іске асырылады.

10) Электронды университеттің классикалық жоо-сы базасында қалыптастыру мақсатында Қашықтан білім беру институты құрылды. Әрбір студент, оның тұратын жеріне қарамастан жоо-ның барлық білім беру ресурстарына қатынай алады.

ҚазҰТЗУ-да әлеуметтік зерттеулер, семинарлар, ғылыми-практикалық конференциялар, ашық есік күндері өткізіледі, олардың мақсаты – жұмыс берушілер, қызметкерлер, серіктестер, қоғам және басқа да мүдделі тұлғалар қажеттіліктері мен күтетіндерін анықтау болып табылады.

ҚазҰТЗУ-да тарихи қаланған ғылыми мектептер бар, еншілес ғылыми-зерттеу институттары жұмыс істейді, олардың көпшілігі Қазақстанда көшбасшылық ұстанымға ие. ҚазҰТЗУ Қазақстан ұлттық жаратылыстану ғылымдары академиясының Алматы филиалының базалық ұйымы болып табылады, сондай-ақ ҚазҰТЗУ Қазақстан

Республикасы Ұлттық ғылым академиясының «Жер туралы ғылымдар» бөлімі жұмыс істейді.

ҚазҰТЗУ-дың кадрлық әлеуеті (еншілес ұйымдар есебінен) 251 доктор мен 697 ғылым кандидаты, 53 PhD докторы, 342 ғылым магистрі, 196 академик пен әртүрлі ғылым академияларының корреспондент мүшелерінен, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының 7 академигі мен 3 корреспондент мүшесінен тұрады. Университеттің білім беру секторындағы штаттағы профессорлық оқытушылар құрамының үлесі - 89% болады. Ғылыми зерттеулермен айналысатын ПОҚ-тың орташа жасы - 46 жасты құрайды.

2011–2015 жылдар ішінде ғылыми-зерттеу қызметі шеңберінде әртүрлі қаржыландыру көздерінен ғылыми және инновациялық қызметті қаржыландыру көлемінің оң динамикасы байқалады: 2015 жылы – 5182,406 млн. теңге болса, сондай-ақ 2011 жылмен салыстырғанда – 4 есеге көбірек. Сонымен қатар ҚазҰТЗУ ғылыми-зерттеу жұмысын және ғылыми-зерттеу және тәжірибелік конструкторлық әзірлемелерді қаржыландыру көлемі мен оның 1 оқытушыға есептеу үлесі: 2011 жылы – 888,478 мың теңге; 2012 жылы - 808,798 мың теңге; 2013 жылы - 1057,924 мың теңге; 2014 жылы – 1103,119 мың теңге; 2015 жылы - 2224,209 мың теңге болды.

2015 жылғы шаруашылық келісім-шарт жұмыстарының қаржыландыру көлемі 362,924 мың теңге – 2014 жылмен салыстырғанда 5,8 есеге, 2013 жылдан бастап – 7 есеге көбейді. Нақты қаржыландырылатын ғылыми және ғылыми-техникалық жобалар мен гранттар саны тұрақты деңгейде тұрды: 2012 жылы – 95; 2013 жылы – 108; 2014 жылы – 106, 2015 жылы – 8 бағдарлама мен 133 жоба.

Коммерцияланатын жұмыстардың қаржыландыру көлемі: 2015 жылы – 348,103 миллион теңге, сондай-ақ 2014 жылмен салыстырғанда - 1,5 есеге, 2013 жылдан бастап – 3,3 есеге, 2012 жылдан бастап – 2,3 есеге, 2011 жылдан бастап – 38,4 есеге көбейді.

Өнертабыстар: өнертабысқа берілген өтінімдер саны: 2011 жылы – 42; 2012 жылы – 49; 2013 жылы – 81; 2014 жылы – 67; 2015 жылы – 80, барлығы – 319; алынған қорғау құжаттарының саны: 2011 жылы – 58; 2012 жылы – 49; 2013 жылы – 53; 2014 жылы – 59; 2015 жылы – 108, барлығы – 327 болды.

Ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелері негізгі техникалық мамандықтар бойынша білім беру бағдарламаларына енгізілді. Енгізу актілері. Оқу үдерісіне: 2011 жылы – 38; 2012 жылы – 27; 2013 жылы – 56; 2014 жылы – 67; 2015 жылы – 51, барлығы – 239; өндіріске: 2011 жылы – 15; 2012 жылы – 7; 2013 жылы – 17; 2014 жылы – 20; 2015 жылы – 40, барлығы – 99.

Монографиялар мен жарияланымдардың жалпы саны: 2011 жылы – 1343, 2012 жылы – 1595, 2013 жылы – 1662; 2014 жылы – 2722, 2015 жылы – 2873, соның ішінде: 2011-2015 жылдары барлығы: 126 монография, шетелде – 696 мақала, шетелде – 698 баяндама мен баяндама тезистері, ТМД-да – 226 мақала, ТМД-да – 326 баяндама мен баяндама тезистері, Қазақстан Республикасында – 2425 мақала, Қазақстан Республикасында – 2825 баяндама мен баяндама тезистері.

ҚазҰТЗУ-дың ғылыми-инновациялық инфрақұрылымында біріктірілген ғылыми-өндірістік, оқу және үздіксіз инновациялық циклді қамтамасыз ететін әлеуметтік-мәдени аймақ бар. ҚазҰТЗУ құрамына:

«Алтай геология-экологиялық институты» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мен «Фитохимия» акционерлік қоғамын қоса алғанда, «Парасат» Ғылыми-технологиялық орталығы» акционерлік қоғамы;

«Қ.И.Сәтбаев атындағы Геологиялық ғылымдар институты» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі;

«География институты» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі;

«У.М.Ахмедсафин атындағы Гидрогеология және геоэкология институты» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі;

«Сейсмология институты» жауапкершілігі шектеулі серіктестігін қоса алғанда,
 «Ұлттық сейсмологиялық бақылау және зерттеулер орталығы» акционерлік қоғамы;
 «Физика-техникалық институт» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі;
 «Жер, металлургия және байыту туралы ғылымдар орталығы» акционерлік қоғамы
 кіреді.

Сонымен қатар ҚазҰТЗУ «Технологиялық даму жөніндегі ұлттық агенттік» АҚ-сымен бірлесе отырып, 46,33 % қатысу үлесімен, «Қ.И.Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ Технопаркi» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің құрылтайшысы болып табылады.

Университетте мыналар бар:

6 ғылыми зертхана: Инженерлік бейін зертханасы, Ақпараттық және ғарыштық технологияларды ұжымдық пайдаланатын ұлттық ғылыми зертхана, Инновациялық геология-минералогиялық зертхана, Сирек және сирек жер металдары зертханасы; «ВМС Kazakhstan» БиоГеоТехнологиялар ғылыми-зерттеу зертханасы; «ҚазҰТУ-Академия Newinttech» ғылыми-білім беру зертханасы.

14 ғылыми орталық: Инновация және коммерцияландыру технологиялары ғылыми орталығы, «Өнеркәсіптік экология» ғылыми орталығы, «Нанотехнологиялар және жаңа материалдар» ғылыми орталығы, «Жаңғырмалы энергетика технологиялары» ғылыми орталығы, «Параметрлік реттеу» орталығы, Күкіртті сақтау және пайдалану инновациялық технологиялар орталығы, «Болашақ кеніші» ғылыми орталығы, Тұрақты даму зерттеу орталығы, «Тау-кен-металлургия саласындағы инновациялық технологиялар» ғылыми-зерттеу орталығы, Қолданбалы гидрогеология ғылыми-инновациялық орталығы, «Интернет кеңістік және қауіпсіздік» ғылыми-зерттеу орталығы, Экономикалық зерттеулер орталығы, Халықаралық жобаларды басқару орталығы, «Мехатроника және робототехника» ғылыми-зерттеу орталығы.

12 ғылыми-білім беру орталығы: Қазақ-Корей ақпараттық-коммуникациялық технологиялар оқу орталығы, «ТЖ қауіпсіздік» жооаралық ғылыми-оқу орталығы, Schneider Electric – энергетика, электротехника және автоматтандырылған жүйелерге техникалық қызмет көрсету саласындағы Қазақ-Француз білім беру орталығы, «ҚазҰТЗУ-Honeywell» кафедрааралық ғылыми-зерттеу және автоматтандыру оқу орталығы, Қазақ-Герман «Siemens» автоматтандыру жүйесі ғылыми-зерттеу және оқу орталығы, «KazNTU-Apple» ғылыми-білім беру орталығы, «KazNTU-IBM» ғылыми-білім беру орталығы, «KazNTU-Hewlett-Packard» технологиялар ғылыми-оқу орталығы, «Cisco желілік академиясы», Геофизика кафедрасы жанындағы Қазақстан-Канада ғылыми-білім беру орталығы, «KazNTU-Autodesk» автоматтандырылған жүйелерді жобалау және басқару Қазақстан-Ресей ғылыми-зерттеу орталығы.

Университеттің Ғылыми-білім беру орталықтарында Орталық Азия өңіріндегі ең жақсы және бірегей аналитикалық құралдар, өлшеу құралдары мен технологиялық жабдықтар бар, сондай-ақ кадрлар даярлау мен отандық және халықаралық өндірістік компаниялармен бірігуіне зерттеулер жүргізуді жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Инженерлік бейін зертханасы – металлографиялық және электронды микроскоптармен, рентген дифрактометрмен, Clarus-500 газ хроматомасс-спектрометрмен, ОПТІМА индуктивті-байланысқан плазмамен атомдық-эмиссиялық спектрометрмен, лазерлік сканермен, Ақпараттық және ғарыштық технологияларды ұжымдық пайдаланатын ұлттық ғылыми зертхана – Қазақстан Республикасының ІТ-саласы үшін өнімділігі жоғары компьютерлік жабдықтарымен – қуаты 80 TFLOPS Есептеуші кластерімен (Суперкомпьютермен) бірегей. Сонымен қатар Инженерлік бейін зертханасы мен Ақпараттық және ғарыштық технологияларды ұжымдық пайдаланатын ұлттық ғылыми зертхана Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитетінің Ұлттық аккредиттеу орталығымен аккредиттелген зертханалар болып табылады.

5 консорциумдық ғылыми және оқу орталығы: Логистика бірлескен ғылыми-білім беру орталығы, «Материалтану және нанотехнологиялар» консорциумдық ғылыми-

өндірістік орталығы, Геология және мұнай-газ ісі институты жанындағы Геофизика бойынша «University CGG–KazNTU» консорциумдық ғылыми орталығы, «Гидродинамика, термометрия және геозергетика» консорциумдық Қазақ-Француз ҒЗО-сы, Жоғары технологиялар және тұрақты даму институты жанындағы «Наноспутник ұшуын басқару және жерді қашықтан барлап қарау» оқу-зерттеу орталығы.

ҚазҰТЗУ-да ғылыми және инновациялық қызмет нәтижелерін жариялау үшін 2 жеке басылым бар: «ҚазҰТУ Жаршысы» және «ҚР ҰҒА Хабарлары, Геологиялық серия» («ҚазҰТУ Жаршысына» физика және техникалық ғылымдар бойынша «INSPEC» жетекші ағылшын тілді рефераттық деректер базасы енгізілді) және мамандықтар бойынша 7 диссертациялық кеңес: мұнай химиясы, кен ісі, материалтану және металлургия, автоматтау және басқару, ақпараттық жүйелер, энергетика және байланыс, геодезия.

Халықаралық ынтымақтастық саласында ҚазҰТЗУ 198 келісім жасады, оның ішінде: жоо әлемнің 18 елімен: Америка Құрама Штаты, Ресей Федерациясы, Корея, Канада, Украина және Польша, Венгрия, Беларусь, Латвия, Словакия, Португалия және Ұлыбритания Республикаларымен 159 келісім-шарт жасады. ҚазҰТЗУ білім, ғылым және технологиялар саласында 9 ассоциация мен консорциумның қауымдастырылған мүшесі болып табылады.

2015–2016 оқу жылында 271 магистрант Ресей Федерациясы, Америка Құрама Штаты, Чехия, Турция, Малайзия, Қытай, Германия, Франция, Болгария, Венгрия, Польша және басқалардың жоо-лары мен компанияларында 10 күндік машықтанудан өтті, сондай-ақ 10 PhD докторы Ресей Федерациясы, Америка Құрама Штаты, Германия, Ұлыбритания, Оңтүстік Корея, Португалия, Турция, Венгрия, Чехия, Швецияның алдыңғы қатарлы жоо мен компанияларына барды.

ҚазҰТЗУ қызметкерлері «Болашақ», Өрлеу, Erasmus Mundus бағдарламалары аясында шетелдерде біліктілікті арттыру курстарынан өтеді. 2011-2015 жылдары 38 оқытушы көрсетілген бағдарламалар аясында шетелдерде үйренуден өтті.

2015 жыл ішінде академиялық ұтқырлық шеңберінде ҚазҰТЗУ-ға 121 шетелдік ғалым келді және 42 университет оқытушысы Ресей мен Польша жоғары оқу орындарына барды.

2005 жылдың тамызынан бастап университеттің сапа менеджменті жүйесімен IQNet сертификатталды. 2014 жылы MC ISO 9001:2008 сәйкес қайта сертификаттау жүргізілді, сертификат 2014-2017 жылдарға жарамды. Сапа менеджменті жүйесіне негізгі ережелер мен талаптар, сапа саласындағы ҚазҰТЗУ нұсқауының саясаты «Сапа бойынша нұсқауда» сипатталып, олардың талаптарына және құқықтық, нормативтік, әдістемелік және техникалық құжаттардың талаптарына сәйкес өнім тұтынушылары мен қызметін қамтамасыз ететін ҚазҰТЗУ қабілетін көрсетеді.

ҚазҰТЗУ-да тәрбие жұмысын ұйымдастыруға негіз болатын принцип – жаңа қазақстандық патриотизмді қалыптастыру мен «Мәңгілік ел» құндылықтарын насихаттау. Тәрбие, студенттердің өзін-өзі басқаруы бойынша кеңес жұмысы, жас көшбасшылар мектебі мен қызығушылық бойынша клубтар жаңа сапалы деңгейде ұйымдастырылды. Бірлескен мәдениетті нығайту мақсатында Қ.И.Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ білім алушыларының этикалық кодексін және Қ.И.Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ ПОҚ-ы мен қызметкерлерінің адамгершілік кодексін біріктіретін «ҚазҰТЗУ корпоративтік мәдениеті кодексі» әзірленді.

Студенттердің өзін-өзі басқаруы белсенді түрде дамуда, білім алушылардың жеке әлеуетін іске асыру үшін жағдайлар жасалды. Клубтар саны 53-тен (2012 жылы) 125-ке (2016 жылы) дейін өсті. 28 спорттық секция мен 8 көркем-өнерпаздық үйірмеге, 30 студенттердің өзін-өзі басқару органдарына, 6 мүдде бойынша клубтарға, 3 студенттер отрядына, сондай-ақ университет «Жас Отан» филиалына 4000-нан астам студент белсенді түрде қатысады. Жыл сайын университетте патриотизмге тәрбиелеу,

құқық бұзушылық пен діни экстремизмнің алдын алу және басқалар бойынша 500-ден астам қоғамдық-маңызды, мәдени-бұқаралық және спорттық шаралар өткізіледі. Университеттің тәрбие жұмысы және корпоративтік бірлігінің жетістіктері – келесідей дәстүрлі жаппай шаралар болып табылады: «ҚазҰТЗУ көктемі» көркем өнерпаздық конкурс-фестивалі (1965 жылдан бастап), «Самғау» түлектер фестивалі, «ҚазҰТЗУ студенттеріне арнау» салтанатты кеші және басқалар.

ҚазҰТЗУ дамыған инфрақұрылым мен заманауи ақпараттық ресурстарға ие. Алматы қаласының әртүрлі аудандарында ғимараттың жалпы алаңы 108776 квадрат метр жерге орналасқан инженерлік коммуникациялары, оның ішінде: 10 оқу ғимараты, 6 жатақхана, 1 асхана, Алматы облысының Қапшағай қаласындағы және Жамбыл облысындағы практика базалары, 1 тау-кен оқу полигоны, 7 көмекші ғимарат (тіркеу кеңсесі, оқу-өндірістік цехы, гараж, химиялық қойма, электровоз депосы, әскери кафедра шеберханалары), сондай-ақ Қырғызстан Республикасының Ыстық Көл облысындағы «Самал» демалыс үйі бар.

ҚазҰТЗУ-дың материалдық-техникалық базасына мыналар кіреді: 14 оқу ғимараты (79780,1 квадрат метр), 164 оқу дәрісханасы, 14 лекция дәрісханасы, 142 заманауи ТОҚ мультимедиялық оқу құралдарымен жабдықталған дәрісханалар (136 мультимедиялық, 6 лингафон), 238 ғылыми-оқу зертханасы, 2 оқу-жаттығу полигоны, 1 технопарк, 105 компьютерлік класс, 10 оқу залы, 33 ғылыми-әдістемелік кабинет (465 отыратын орын). Жалпы алаңы 5126,4 квадрат метр болатын, 344 орындық 9 қабатты жатақхана ғимаратын салу жүргізілуде, 5138 квадрат метр болатын, ҚазҰТЗУ-дың Бос уақыт және тамақтану орталығын қайта жаңғырту аяқталып келеді. 1950-жылдары салынған ҚазҰТЗУ-дың негізгі материалдық базасы қайта жаңғырту мен жөндеуді талап етеді.

ҚазҰТЗУ-дың келесідей ақпараттық-технологиялық инфрақұрылымы бар: Windows және UNIX жүйесі базасындағы серверлік жабдықтарды, ғылыми міндеттерді шешуге арналған суперкомпьютер, қуатты компьютерлік парк, құрамында 4 мыңнан жоғары жұмысшылар станциясы мен заманауи техникалық оқу құралдары бар. ҚазҰТЗУ Компьютерлік паркі 2011 жылы – 3397 бірліктен, 2015 жылы 4051 бірлікке дейін 1,2 есеге өсті.

Қызметкерлердің еңбек қауіпсіздігі талаптарын орындауды қамтамасыз етуі бойынша жұмыс ұйымдастырылды. Қызметкерлердің еңбек қорғау туралы заңды (нормативтік құқықтық актілерді), ұжымдық келісім-шартты сақтауы үшін бақылау жүзеге асырылады. Өндірістік факторлар себебінен өндірістік жарақаттану, кәсіптік сырқат және сырқаттану, күйі мен себептерін тіркеу және оларға талдау жүргізіледі.

ҚазҰТЗУ-дың бейнеконференцбайланысты ұйымдастыру бойынша мол еңбек тәжірибесі бар. Бейнеконференцбайланыс белгілі фирмалардың (POLYCOM, SONY) арнайы жабдықтарымен, сондай-ақ программалық (AdobeConnect, Skype, Google hangouts) жасаумен қамтамасыз етіледі. Үш өлшемді нысандар рендерінгі үшін университет суперкомпьютерінің қуаты белсенді түрде пайдаланылады.

ҚазҰТЗУ-дың бизнес-үдерістерін автоматтандыру барлық әкімшілік басқару және ғылыми-білім беру үдерістерін қамтыды: ҚазҰТЗУ-да қазақстандық мазмұндағы Documentolog электронды құжат айналымы жүйесі енгізілді, қызметкерлер мен білім алушыларға арналған корпоративті электронды пошта жұмыс істейді, басқару және қатынауды басқару жүйесі енгізілді, бухгалтерлік есеп және бақылау мен қаржы-шаруашылық қызметін жоспарлау үшін 1С–Кәсіпорын және Project Expert программалық өнімдері пайдаланылады, қызметкерлерді басқару үшін «Кадрлар бөлімі» веб-сервисі әзірленді, ресми сайт және университет білім беру порталы дамиды.

Білім алушылар білім беру ресурстары мен білім беру порталында өздерінің жеке деректеріне қатынау үшін ұялы қондырғыларды белсенді түрде пайдаланады. Университетте Android платформасы үшін ұялы қолданба әзірленді. Сондай-ақ оқу үдерісі мен ғылыми қызметте заманауи программалық қамтамасыз ету пайдаланылады:

Matlab, Project Expert, Statistica, Adobe, Oasis Montaj, Focus, Geolog, Micromine, AutoCAD, MSC Nastran, ChemCAD, 1С, Заңгер және басқа да жүйелі және қолданбалы программалық қамтамасыз ету.

ҚазҰТЗУ-дың Ғылыми кітапханасы – «Қазақстан Республикасы жоғары оқу орындарының кітапханалары ассоциациясы» қоғамдық бірлестігінің мүшесі, электронды кітапханада берілетін электронды құжаттар саны мен сапасы бойынша Қазақстан Республикасының 93 жоғары оқу орны арасында көшбасшылық ұстанымдағы орынға ие. 2016 жылында Ғылыми кітапхана қоры 2 миллионнан астам дана, бір студентке 140 кітап мөлшері болғанда, кітаппен қамтылуы – 161 болады. Кітапхана қоры университет бейіні бойынша оқу жоспарлары мен бағдарламаларына сәйкес жасалады. Жаңа әдебиет және кезеңді басылымдар сатып алу үшін бюджеттен тыс қаражат бөлінді: 2012 жылы – 92 088 880,32 теңге; 2013 жылы – 64 213 601,52 теңге; 2014 жылы – 74 651 982,41 теңге, 2015 жылы – 95236091, 34 теңге.

Қашықтан ақпараттық ресурстарға қатынау IP адрестер бойынша келісім-шарттар мен лицензиялық келісімдерге сәйкес жүзеге асырылады. Thomson Reuters (Америка Құрама Штаты) жетекші компанияларымен, Springer компаниясымен (Германия) ұлттық лицензияға қол қою – Web of Knowledge ғылыми ДБ және Springer ДБ-сына ҚазҰТЗУ пайдаланушыларының тегін қатынаумен қамтамасыз етеді. ҚазҰТЗУ сайтында электронды ақпараттарға жергілікті және қашықтан қатынауға пайдаланушылардың қатынауын қамтамасыз ету үшін «Электронды кітапхана» жұмыс істейді.

Соңғы жылдары ақпараттық қызмет жүйесі қарқынды дамып келеді. Мыналар жұмыс істейді: Ақпараттық-аналитикалық орталық, Тіркеу кеңсесі, Тарихи мұражай. Әлеуметтік мониторинг ғылыми-практикалық орталығы, «Мансап» орталығы, Оқу-баспа орталығы құрылды, «ҚазҰТЗУ Жаршысы» ғылыми-техникалық журналы, «РАС» корпоративтік газеті шығарылады, Қазақстан Республикасы жоғары оқу орындарында үздік Web-сайттардың бірі жұмыс істейді, сондай-ақ «MYPOLYTECH» студенттік газетін қолдайтын, «MYPOLYTECH» студенттік web-сайты құрылды.

SWOT талдау

S (Strengths) – күшті жақтары (әлеуетті позитивті ішкі факторлар)	W (Weaknesses) – әлсіз жақтары (әлеуетті жағымсыз ішкі факторлар)
<p>Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің көп деңгейлі жүйесіне өту (бакалавриат – магистратура – PhD докторантурасы) іске асырылды, университетте 129 мамандық бойынша лицензия бар, оның ішінде: бакалавриаттың – 49; магистратура мамандығының – 51; PhD докторантурасы мамандығының – 29.</p> <p>Екі диплом берілуімен, бакалаврлар, магистрлер және PhD докторларын бірлесіп даярлау. Халықаралық білім беру бағдарламаларын іске асыру: 6 екі дипломдық бағдарламаны (Лотарингия Университетімен, Колорадо Кен мектебі, Америка Гирне университетімен, Авейро Университетімен, ШЫҰУ және Губкин атындағы Мұнай және газ РМУ) және</p>	<p>Академиялық қызметте мыналар толық емес мөлшерде жүргізіледі: жоғары білімге маркетингтік зерттеулер, жоғары мектептің мақсатты нарығының қажеттіліктерін, сұранысы мен мүдделерін болжау, нарық пен бәсекелестер мүмкіндіктері мен қауіп-қатерін зерттеу, жеке бәсекеге қабілетті басымдықтарды қалыптастыру.</p> <p>Жұмыс берушілермен бірлесе отырып, кадрларды бірлесіп даярлау жүйесі жеткіліксіз дамыған. Профессорлық-оқытушылар құрамы жас кадрларының саны төмен.</p> <p>Университет профессорлық-оқытушылар құрамы мен ғалымдарының басым көпшілігі ағылшын тілін меңгермеген.</p> <p>Ғылыми зерттеулер жүргізу базасында оқу технологиялары нашар пайдаланылады,</p>

<p>Барселонаның Менеджмент жоғары мектебімен 1 сертификатталған бағдарлама. Ұлттық және трансұлттық кәсіпорындармен және бизнес компаниялармен (400-ге жуық компания) қарқынды түрде ынтымақтастық жүргізіледі.</p> <p>Бейіндік институттар мен ҚазҰТЗУ ғылыми-зерттеу институттарында Қазақстан Республикасын индустриялық-инновациялық дамытудың 2015-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында және XXI ғасырдың 8 жаһандық сын-қатерлерінде анықталған экономиканың басым және инновациялық секторлары, республика ғылымын дамытудың барлық басымдықтарын зерттеудің негізгі ғылыми бағыттары бойынша қамтитын ғылыми мектептер бар.</p> <p>Ғылым мен инновацияларды қаржыландыру көлемінің, 1 профессорлық-оқытушылар құрамын есептегендегі ғылыми зерттеу жұмысты қаржыландыру көлемінің, соның ішінде: Scopus базасына және Thomson Reuters базасына кірген ғылыми басылымдарда жарияланған жұмыстардың жалпы санының өсуі.</p> <p>Жастардың ғылыми қоғамдастығы – ҚазҰТЗУ SPE инженер-мұнайшылар қоғамын тұрақты дамыту – 2010 жылы әлемдегі Халықаралық қоғамның ең жақсы бөлімі деп танылды (2012 жылы SPE International SPE SC KNTU халықаралық ұйымының шешімі бойынша ең айтулы марапаттардың бірі – Gold Standart Chapter берілді).</p> <p>Жоғары оқу орнында тәрбие және әлеуметтік жұмыстың әрекет ету жүйесі құрылған.</p> <p>Профессорлық-оқытушылар құрамы мен студенттер үшін ақпараттық технологияларды пайдаланудың заманауи жүйесі бар.</p> <p>Өз міндеттері бойынша жоғары оқу орнының қаржылық тұрақтылығы мен төлемқабілеттілігі қамтамасыз етілген.</p>	<p>заманауи инновациялық оқу стратегиясы мен e-learning пайдаланып оқыту сапасы нашар.</p> <p>Кадрлар даярлаудың жаңа үш деңгейлі жүйесінде инженерлік білім бойынша жаңа ұрпақ бағдарламаларын жасауға ұсыныстар мен оқу жоспарларына сыни талдау жоқ.</p> <p>ЖОО түлектерімен және жұмыс берушілермен кері байланыс жүйесі толық емес.</p> <p>Оқытушылар мен студенттер құрамында интернационализациялау деңгейін арттыруды талап етеді.</p> <p>Кәсіптік және жеке дағдыны дамыту үшін жастар жобасы мен бағдарламаларына, кәсіби қоғамға студенттер контингентін тарту жеткіліксіздігі.</p> <p>Профессорлық-оқытушылар құрамы, басшылар мен басқарушы қызметкерлердің біліктілігін арттыру жүйесі жетілмеген.</p> <p>Ғылыми және инновациялық салыстыру бойынша білім беру қызметін іске асыруға профессорлық-оқытушылар құрамын тарту басым болады.</p> <p>Менеджерлердің стратегиялық ойлау деңгейі төмен.</p> <p>Инфрақұрылым мен ақпараттық ресурстарды дамытуда:</p> <p>заманауи және программалық құралдармен ғылыми және академиялық қызмет бойынша университет кешенінің инфрақұрылымын жаңғыртуды талап етеді, сондай-ақ басқа қалалық білім алушылар үшін жатақханалардың жетіспеушілігі мен студенттердің тұру жағдайлары;</p> <p>университеттің студенттер қалашығында жаңа жатақханалар салу, инновациялық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру және тәжірибелік-өндірістік үлгілерді дайындау, тәжірибелік-конструкторлық эзирлемелер жүргізу үшін алаңдардың жетіспеушілігі;</p> <p>лицензиясы бар ӨО жеткіліксіз қамтамасыз етілген;</p> <p>арнайыландырылған жабдықтармен қызмет көрсететін сертификаты бар мамандардың болмауы.</p>
---	---

О (Opportunities) – қолайлы мүмкіндіктері (әлеуетті позитивті ішкі факторлар)	Т (Threats) – әлсіз жақтары (әлеуетті жағымсыз ішкі факторлар)
<p>Берілетін магистрлік және PhD бағдарламалары (отандық және екі дипломдық білім бағдарламасы) бойынша ақылы қызмет спектрін кеңейту.</p> <p>Қажетті мамандықтар бойынша бейіндік бағыттағы жаңа бәсекеге қабілетті постжоо бағдарламаларын шығару.</p> <p>Консорциумдық құрылымдық бөлімшелер, зертханалар, кафедралар, орталықтар құру жолымен магистранттар мен докторанттарды практикалық даярлау үшін білім, ғылым және өндірістің тиімді өзара байланысын қамтамасыз ету.</p> <p>Мамандықтардың білім беру бағдарламаларын әзірлеуге ұлттық компанияларды, бизнес-құрылымдар мен басқа да мүдделі тұлғаларды белсенді түрде тарту.</p> <p>Профессорлық-оқытушылар құрамы мен Лингвистикалық орталық үшін Тренинг-орталық құру.</p>	<p>Орта мектептер мен колледждер түлектерін даярлау деңгейінің төмендігі.</p> <p>Жаратылыстану-ғылыми пәндері бойынша орта мектепті бітіргеннен кейінгі талапкерлердің дайындық деңгейі нашар.</p> <p>Қоғамда ғылым қадірінің төмендеуі.</p> <p>Коммерцияландыру және технологиялар трансфертінде бизнес-құрылымдар мен өнеркәсіптік кәсіпорындарды уәждеудің болмауынан жаңа өнімдер мен технологиялар үшін бірлескен бөлімшелер, шағын кәсіпорындар, старт-аптар құру және бар әзірлемелерді енгізу мүмкіндігін қатты шектейді.</p>

4. Бағдарламаны іске асырудың мақсаты, міндеттері мен мақсатты индикаторлары

Мақсаты: Ел экономикасының жүйе түзу салаларын жоғары білікті кәсіптік-техникалық және ғылыми кадрлармен қамтамасыз ету, Қазақстан Республикасын технологиялық дамытуға және бәсекелестік басымдықтарды күшейту үшін «Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті» ұлттық ғылыми-зерттеу білім беру орталығын құру.

Бағдарлама міндеттері ҚазҰТЗУ-дың негізгі ресурстарын жүйелі дамытуға, дамытудың басым бағыттарына және мақсатқа қол жеткізу тетіктерін анықтайды.

1-міндет. Озық білім беру бағдарламалары мен технологияларын дамыту.

Озық білім беру бағдарламалары мен технологияларын дамыту мыналарға бағытталады:

1) Мамандықтардың нарықтық спектрінің кәсіби дағдысымен және біліктілігімен тиімді үйлесетін академиялық білімі мен шеберлігін, техникалық білім алу принциптерімен және Назарбаев Университетімен қауымдастырылған, студенттік-бағдарланған кредиттік технологияларды қалыптастыруға бағытталған Назарбаев Университетінің тәжірибесі бойынша ҚазҰТЗУ-дың академиялық практикасының принциптерін қалыптастыру.

2) Қазақстан Республикасын Үдемелі индустриалдық-инновациялық дамытудың мемлекеттік бағдарламасын іске асыру барысында білікті кадрлар даярлау кезінде білім алушыларды жоғары кәсіби дағдыландыру және жаңа академиялық саясатпен тұрақты жұмыс істеуін қамтамасыз ету.

3) Шетелдік оқытушыларды тартумен, докторантураның жеке бағдарламасы арқылы еліміздің индустриалды-инновациялық даму қажеттіліктеріне сәйкес келетін жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімді кадрлармен қамтамасыз етеді.

4) Шетелдік жоғары рейтингті жоғары оқу орындарымен екі дипломды бағдарлама немесе халықаралық аккредиттеу органдарында мойындалған аккредитациясы бар жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламалары үшін оқу жоспарлары мен бағдарламаларын жасауда академиялық еркіндікті дамыту.

5) ҚазҰТЗУ-дың жеке институттарында магистранттар мен докторанттарға ғылыми экспериментальды практика базаларын, ҚазҰТЗУ студенттерінің кәсіптік практика базаларын имплементациялау.

6) Республикалық тізімнен тыс мемлекеттік білім беру грантын алу үшін құжаттарды ұсынған кезде ҚазҰТЗУ-да білім алушыларды іріктеу мен қабылдаудың бірыңғай жүйесін әзірлеу.

7) Қазақстан Республикасын Үдемелі индустриялық-инновациялық дамытудың мемлекеттік бағдарламасы бойынша құрылған Кәсіпорындар үшін жоғары білікті мамандар даярлаудың, соның ішінде олардың ғылыми зерттеуге және қолданыстағы инновациялық өндіріске қатысуы негізінде көп деңгейлі жүйесін жетілдіру.

8) Қашықтан оқыту түрлерін одан әрі дамыту үшін вебинар технологияларын, бейнеконференцияларды пайдалануды кеңейту.

2-міндет. «Ұлттық техникалық зерттеу университеті» моделін құрастыру.

Міндеттер келесі бағыттар бойынша іске асырылады:

1) Ұлттық және әлемдік ғылымды дамыту басымдықтары, сыни технологиялар бойынша бәсекеге қабілетті іргелі және қолданбалы зерттеулерді ұйымдастыру және дамыту, халықаралық ауқымды зерттеу жобаларына қатысу.

2) ҚазҰТЗУ-мен бірлескен іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулер арқылы халықаралық ғылыми қауымдастықтармен бірлесу.

3) Қазақстан Республикасының техникалық зерттеу университетінің қолданыстағы моделін құру.

3-міндет. Ғылым мен инновацияларды дамыту.

Міндеттер келесі бағыттар бойынша орындалады:

1) ҚазҰТЗУ профессорлық-оқытушылар құрамы мен білім алушылардың ғылыми және инновациялық қызметін жандандыру.

2) Пәндердің ғылыми компоненттерін көбейту

3) Білім алушылардың ғылыми-зерттеу жұмысы мен ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарына қатысу үлесін көбейту.

4) Профессорлық-оқытушылар құрамы мен білім алушылардың бәсекеге қабілеттілігін арттыру.

5) Бәсекеге қабілетті ғылыми-техникалық және инновациялық қызметті ұйымдастыру және іске асыру.

6) Технологиялар мен білімнің тиімді трансферін қамтамасыз ету.

7) Жеке ғылыми-техникалық жұмыстарды коммерциаландыру.

4-міндет. Заманауи инфрақұрылымды дамыту.

Міндеттер келесі бағыттар бойынша орындалады:

1) Инженерлік инфрақұрылымды дамыту.

2) Әлемнің жетекші техникалық университеттерімен және шетелдік фирмаларымен, ҚазҰТЗУ халықаралық қатынастар жүйесін дамыту, сондай-ақ әлемдік деңгейдегі айналы зертханалар мен әйгілі компаниялардың халықаралық орталықтарын құру арқылы ғылыми-технологиялық инфрақұрылымды жетілдіру.

3) Білімге, академиялық интеграция мен зияткерлік дамуға талпынуға негізделетін отандық және шетелдік студенттер, оқытушылар мен қызметкерлер үшін қолайлы орта құру.

4) Белгілі категория студенттері үшін тең жағдай жасау және кедергісіз қол жеткізуді.

5) Білім беру, ғылыми және басқару қызметінің қажеттіліктерін қамтамасыз ету мақсатында корпоративтік желілік инфрақұрылымды дамыту. Білім, ғылым және басқару

қызметін, соның ішінде білім беру үдерісі мен ғылыми зерттеулерді басқару саласын ары қарай ақпаратландыру үшін, деректерді өңдеу орталығын жаңарту.

6) «Политех» бірлескен ақпараттық жүйесі шеңберінде университеттің білім беру, ғылыми және әкімшілік қызметінің бірыңғай ақпараттық-телекоммуникациялық кеңістігін дамыту.

7) Жетекші шетелдік деректер базасына қатынау мүмкіндігімен бірге, ҚазҰТЗУ-дың электронды кітапхана қорын қалыптастыруға қолдау көрсету.

8) Білім беру курстары мен модульдерін, мультимедиялық ресурстарды, сондай-ақ ғылыми кітапхананың электронды деректер базасын еркін пайдалану үшін ұсынылатын университеттің білім беру порталын дамыту.

9) Оқу үдерісіне ғылыми-білім беру инновацияларын енгізуді өте тиімді үйлестіру үшін кафедрааралық зертханалар мен орталықтар құру.

5- міндет. Корпоративті басқаруды дамыту және ынтымақтастық пен әріптестік жүйесін жетілдіру.

Міндет келесі бағыттар бойынша іске асырылады:

1) Басқару және қаржыландыру дербестігін қамтитын ҚазҰТЗУ-дың менеджментін жетілдіру.

2) Ең жаңа ақпараттық технологияларды пайдалана отырып ғылыми зерттеулер мен білім беру қызметін басқару регламенттері мен әкімшілік процедураларды жетілдіру, сондай-ақ ғылыми қызметтің тиімділігі мен білім сапасын бағалау инфрақұрылымын дамыту.

3) Бәсекеге қабілетті профессорлық-оқытушылар құрамын қалыптастыру, соның ішінде: әлемдік деңгейдегі профессорларды тарту және олармен тәжірибе алмасу, сонымен қатар алдыңғы қатарлы халықаралық ғылыми орталықтарда перспективті жас ғалымдарды оқыту.

4) «Гендерлік вертикальды» дамыту және ҚазҰТЗУ-да шешімдер қабылдау деңгейінде ерлер мен әйелдердің тең дәрежеде қатысуына қол жеткізу.

5) Зияткерлік жұмыстардың нәтижелерін бірыңғай басқару жүйесін құру.

6) Тиімді халықаралық ғылыми-техникалық ынтымақтастықты дамыту.

7) Өмір бойы оқу, білім алу үшін жағдай жасау.

8) Корпоративтік әлеуметтік жауапкершілікті дамыту.

9) Студенттік өзін-өзі басқару және ғылыми-кәсіптік, шығармашылық және спорттық бағыт арқылы терең кәсіби білім мен жоғары азаматтық сапаға ие болашақ бәсекеге қабілетті маманның жан-жақты дамыған тұлғасын қалыптастыруға ықпал ету.

